


## X тарау

### КӨМІРСУТЕКТЕРДІҢ ГАЛОГЕНТУЫНДЫЛАРЫ

Органикалық қосылыстардың көмірсүтектер класын қарастырып болған соң, сенді біз олардың функционалдық туындыларын қарастырамыз.

Белгілі бір класс қосылыстарына тән, олардың қасиеттерінс жауапты атом немесе атомдар тобын **функционалдық топ** деп атайды. Олардың екілдері:



Құрамында функционалдық тобы немесе топтары бар қосылыстар **функционалдық қосылыстар** болып табылады. Солардың бірі – көмірсүтектердің галогентуындылары.

#### 1. Анықтамасы, классификациясы, изомериясы, номенклатурасы

Көмірсүтектердің галогентуындылары деп көмірсүтектердің сутек атомдарын галоген атомдары орын басқан органикалық қосылыстарды айтады.

Қашша сутек атомы галогенге орын басқанына қарай: 1) моно-; 2) ди-; 3) три-; 4) полигалогентуындылар болып бөлінеді.

Алдымен көмірсүтектердің **моногалогентуындыларын** қарастырамыз. Галоген орын басқан көміртек атомына қарай: 1) біріншілік; 2) екіншілік; 3) үшіншілік галогентуындылар болып бөлінеді. Мысалы:




Мұнда, X – галоген атомы, R, R<sub>1</sub>, R<sub>2</sub>, R<sub>3</sub> – алкил радикалдары, олар бірдей немесе әр түрлі болуы мүмкін.



Галогентуындылардың изомериясы екі факторға байланысты:

- 1) көміртек қанқасының құрылымы;
- 2) галогеннің тізбектегі орны.


Метан мен этанда изомер жоқ. Пропанда скі изомер болады:



Бутанда изомер саны одан да көп: *к*-бутанда скі изомер, изобутанда екі изомер болуы мүмкін (олар шынымен де бар):





*біріншілік*-йодты изобутил  
(1-йод-2-метилпропан)



*үшіншілік*-йодты изобутил  
(2-йод-2-метилпропан)

Рационал номенклатура бойынша моногалогентұндылардың аттары сәйкес алкил радикалдарының аттарының алдына хлорлы, бромды, йодты немесе сонына хлорид, бромид т.б. сөздерді қосу арқылы құралады:





Екі галоген атомы да шеткі бір көміртек атомында орналасқан дигалогентұндылары үшін радикалдарға **иден** жүрнағы жалғанады:




Егер скі галоген атомы скі көміртек атомында тұрса, онда алкил радикалдарының атына **ен** жүрнағы жалғанады:




Молекуладағы барлық сутек атомдары галогендерге орынбасқан галогентұндылар сәйкес көмірсүтектің атының алдына **пер-** қосымшасы қосылып аталады:




Ароматты қосылыстардың галогентұндыларын атау үшін орынбасарларды олардың өзара орналасуын көрсетіп атап шығады да, негізгі ареннің атын қосады (бензол, толуол т.с.с.). Орынбасарлар екеке болса *o*-, *m*- және *n*- деп белгілдейді:




Нафталиннің галогентүндилері үшін орынбасарлардың орны  $\alpha$ -,  $\beta$ - арқылы көрсетіледі. Бір сақинада скі орынбасардың болуы  $o$ -,  $m$ - және  $n$ - әріптерімен белгіленеді.




**ИЮПАК номенклатурасы** бойынша көмірсұтектердің галогентүндилерін атау үшін бастапқы көмірсұтектің атының алдына галогеннің аты қосылып айтылады. Галогеннің орнын нөмір арқылы көрсетеді. Тізбекті орынбасарлар ең аз нөмірге ис болатындей стіп нөмірлейді. Егер негізгі тізбек қанықпаған болса, есслік байланыстарға басымдық беріледі:




2-хлор-3-метилбутан




4-брому-2-пентен



3,4-дихлорциклогексен



2-брому-6-хлорнафталин



1-брому-4-метилбензол


Қарапайым галогентүндилер үшін тривиалды атаулары және радикалдардың тәмсілдік атаулары рұқсат етіледі (12-кесте).

## Кейбір қарапайым галогентұштыштардың тривиалды атаулары

$\text{CHCl}_3$	хлороформ	$\text{C}_6\text{H}_5\text{CH}_2\text{Cl}$	хлорлы бензил
$\text{CHI}_3$	йодоформ	$\text{C}_6\text{H}_5\text{CHCl}_2$	хлорлы бензилиден
$\text{COCl}_2$	фосген	$\text{CH}_2\text{Br}-\text{CH}_2\text{Br}$	бромды этилен
$\text{CH}_3\text{Cl}$	хлорлы метил	$\text{CCl}_4$	төрт хлорлы көміртек
$(\text{CH}_3)_3\text{CCl}$	хлорлы үйіншілік- бутил		


## 2. Алу жолдары

1) Алкандардан галогендер мен жарықтың эсерімен радикалдық орын басу реакциялары арқылы:



Орын басу ары қарай жалғасып, полигалогентұндылар түзілуі мүмкін. Галогендердің бұл реакцияға қабілеттілігі  $\text{F} > \text{Cl} > \text{Br} > \text{I}$  қатарында төмендесіді. Фтор өте шабыт әрсектеседі – жарылыс болып, заттар көмірленіп кетеді. Сондықтан бұл реакция қолданылмайды. Йодтуындыларды бұл әдіспен алу мүмкін емес. Себебі, түзілген  $\text{HI}$  өте күшті тотықсыздандырығыш болғандықтан, түзілген йодтуындыны қайтадан алканға дейін тотықсыздандырып жібереді.

2) Алкендерге галогенсутектерді қосу. Бұл әдістің артықшылығы – қосалқы өнімдер түзілмейді:




3) Спирттерден алу. Спирттерден галогентұндылар әр түрлі жолдармен алынады. Негұрлым кең тарағандары:

a) Спирттерге галогенсутек қышқылдарымен эсер ету. Түзілген суды  $\text{ZnHal}_2$  немесе концентрлі күкірт қышқылымен байланыстырады:



мұнда, R – алкил радикалы.

ә) Спирттерге фосфордың пента- немесе тригалогенидтерімен эсер ету. Реакция жұмсақ жағдайларда жүреді:



б) Спирттерге тионилхлоридпен  $\text{SOCl}_2$  эсер ету. Бұл реакцияның

қолайлылығы – барлық түзілген қосалқы өнімдер газдар болғандықтан, реакция оргасынан ұшып кетеді:



4) Фтортыңдыларды, әдетте, жанама әдістермен алады. Мысалы, йодты алкилдерге Ag, Hg, Co, т.б. металдардың фторидтерімен әсер ету арқылы:



### 3. Физикалық қасиеттері

Төмсігі алкилгалогенидтер – фторлы метил, этил, пропил, бутил, хлорлы метил, этил; бромды метил – газдар. Басқалары сұйық, жоғарғылары – қатты заттар (13-кесте).

13-кесте

Галогентүнділардың физикалық қасиеттері

Галоген-түнділар (X - галоген)	t <sub>f</sub> °C,				t <sub>k</sub> °C,				d <sub>4</sub> <sup>20</sup>			
	F	Cl	Br	I	F	Cl	Br	I	F	Cl	Br	I
CH <sub>3</sub> X	-142	-98	-94	-66	-79	-24	4	42	-	0,991 (-25°C)	1,732 (0°C)	2,279
C <sub>2</sub> H <sub>5</sub> X	-143	-139	-119	-108	-38	12	38	72	0,816 (-7°C)	0,921 (0°C)	1,431	1,99
C <sub>3</sub> H <sub>7</sub> X	-159	-123	-110	-101	-3	47	71	102	-	0,891	1,353	1,74
CHX <sub>3</sub>	-163	-64	7	119	-82	61	150	210	-	1,492	2,891	4,008
CX <sub>4</sub>	-184	-23	-48	171	-128	77	189	95	-	1,595	3,421	4,322
C <sub>6</sub> H <sub>5</sub> X	-42	-45	-31	-31	85	132	156	189	1,024	1,066	1,495	-
C <sub>6</sub> H <sub>5</sub> CH <sub>2</sub> X	-35	-43	-4	-	140	179	198	-	1,025	1,113	1,437	-
CH <sub>2</sub> =CHX	-	-160	-139	-	-	-14	16	56	-	0,908	1,504	1,98
CH <sub>2</sub> =CH-CH <sub>2</sub> X	-	-137	-120	-99	-	45	71	103	-	0,938	1,398	1,896

Қайнау температуралары, салыстырмалы тығыздықтары F – I қатарында артады. Суда іс жүзінде ерімейді, органикалық сріткіштерде жақсы ериді, өздері де еріткіштер.

### 4. Химиялық қасиеттері

Галогентүнділар ең реакцияга қабілетті органикалық қосылыстардың бірі. Кез келген галогеннің электртерістігі көміртек атомынан жоғары болғандықтан C-Hal байланысы қатты полярланған R-C<sup>δ+</sup>H<sub>2</sub>→Hal<sup>δ-</sup>. Галоген атомы теріс индуктивті эффект көрсеттіп, нәтижесінде онымен байланысқан көміртек атомы ішінара он, ал галоген ішінара теріс зарядқа ие болады. Сонымен бірге, органикалық қосылыстарға полярланғыштық тән, яғни шабуылдаушы реагент жақындағанда байланыстың полярлылығын арттыру қабілетті. Байланыстың полярланғыштығы атомдардың электрон бүлті негұрлым көлемді және қозғалғыш қабілеті жоғары болған сайын көбейе береді. Осылан сәйкес, C-F, C-Cl, C-Br, C-I

қатарында байланыстардың полярлылығы шамамен жақын болса, C-I байланысының полярланыштығы C-F байланысының көрсеткіштегі жоғары. Осыған байланысты барлық нуклеофильді орын басу реакцияларында иодтуындылар ең активті, ал фтортуындылар іс жүзінде реакцияға қабілетсіз.

Галогентуындыларга нуклеофильді орын басу ( $S_N$ ) және бөліл шығару (элимирирлену, E) реакциялары тән.

### Нуклеофильді орын басу реакциялары қарастырайық.

**1) Гидролиздену реакциялары.** Сілтілердің судағы срітіндісімен, күміс гидроксидімен, тіпті сумен (сілті қатысында) әсер еткенде галогентуындылар гидролизденіп спирт түзеді:



Екінші реакция қайтымды. Спирттердің шығымын арттыру үшін реакцияға судың көп мөлшерін алу керек және түзілген галогенсутекті байланыстыратын сілті қатысында жүргізу керек.

Орын басу реакциясының жылдамдығы радикалдың құрылышына, галогеннің, нуклеофильдің, сріткіштің табигатына тәуелді.


Радикалдың құрылышының әсерін бағалау үшін бірнеше галогентуындының OH<sup>-</sup> қатысында гидролизденуінің салыстырмалы жылдамдықтарын салыстырайық (80 %-дық этанол, 55 °C):

Бромды алкил	CH <sub>3</sub> Br	C <sub>2</sub> H <sub>5</sub> Br	(CH <sub>3</sub> ) <sub>2</sub> CHBr	(CH <sub>3</sub> ) <sub>3</sub> CBr
Салыстырмалы жылдамдық	2140	171	5	1010


Бромды метил және этил үшін гидролиздену жылдамдығы гидроксил-ионның да, галогеналкилдің де концентрациясына тәуелді. Соңықтан бұл реакция екінші реттік нуклеофильді орын басу реакциясы  $S_N2$ . Нуклеофильді болатын себебі – шабуылдаушы теріс зарядты белшек оң зарядты көміртек атомын шабуылдайды. Бромды изопропил үшін концентрация мен жылдамдықтың арасындағы тәуелділікті анықтау қыын. Үшіншілік бромды бутил үшін реакция жылдамдығы тек галогеналкилдің концентрациясына тәуелді, ал гидроксил-ионның концентрациясына тәуесіз, яғни  $S_N1$ . Бұл айтқанды түсіну үшін реакциялардың механизмдерін қарастырайық.

Үшіншілік бутилбромидтің гидролизі екі сатылы процесс. Бірінші сатыда алкилбромид молекуласы өте баяу диссоциацияланады:

I



Екінші сатыда түзілген үшіншілік-бутил-катион лездे ерітіндісі нуклеофильді бөлшектен эрекеттеседі:




Реакцияның жылдамдығы баяу жүретін процестің (I саты) жылдамдығымен анықталады, процеске бір ғана зат қатысады, сондықтан реакция механизмі –  $S_N1$ , бірінші реттік нуклеофильді орын басу реакциясы:

$$V_{\text{гидролиз}} = k[(\text{CH}_3)_3\text{CBr}]$$

Мұнда,  $V_{\text{гидролиз}}$  – гидролиз жылдамдығы;  
 $k$  – пропорционалдық коэффициент.

Метилбромид және этилбромид жағдайында теріс зарядты гидроксил-топ  $\text{OH}^-$  оң зарядты көміртек атомын теріс зарядты галогенге ( $\text{Br}^-$ ) қарама-қарсы жақтан шабуылдайды:



Энергиясы жеткілікті болса  $\text{OH}^-$ -ион өте жақындаپ келіп, онымен көміртек атомы арасындағы байланыс әлсірейді. Бұл өтпелі күйде көміртек атомы мен барлық үш көміртек атомы бір жазықтықта, молекула қолданең жалғыған. Сосын бром анионы ығыстырылып шығарылады да, спирт түзіледі. Бұл жағдайда реакция жылдамдығы гидроксидің де, галогеналкилдің де концентрациясына тәуелді, сондықтан екінші реттік нуклеофильдік орын басу реакциясы  $S_N2$ :



$$V_{\text{гидролиз}} = k[\text{OH}^-][\text{CH}_3\text{Br}]$$

$S_N1$  механизмі бойынша үшіншілік алкилгалогенидтер,  $S_N2$  механизмі бойынша біріншілік алкилгалогенидтер жеңіл гидролизденеді. Екіншілік алкилгалогенидтер бір мезгілде екі механизм бойынша да гидролиздене береді.


Орын басу қабілеті бойынша галогендер байланыс энергиялары артуына сәйкес  $\text{I} > \text{Br} > \text{Cl}$  қатарына орналасады. Реагенттердің белсенділігі  $\text{H}_2 < \text{Cl}^- < \text{Br}^- < \text{OH}^- < \text{I}^-$  қатарында артады.

Еріткіштің табиғаты өзгеруіне, әсіресе,  $S_N1$  механизмді реакциялар созімтал. Себебі, бұл реакциялардың жүру мүмкіндігі еріткіштердің иондау қабілетіне тікелей байланысты.

**2) Басқа нуклеофильді орын басу реакциялары.** Галогенитуңдардың көптеген нуклеофильді реагенттермен әрекеттесуі жоғарыда қарастырылған гидролиздену реакциясына ұқсас жүреді. Мысалы:




**3)  $\beta$ -элиминирлену реакциялары.** Алкилгалогенидтердің сілтілердің спирттегі ерітіндісімен әсер еткенде галогенстук бөлініп шығып (элиминирленіп), алкендер түзіледі. Оның себебі, түзілетін карбкатион гидроксил-ионды қосып алғып емес, көрші көміртек атомынан протонды бөліп шығару арқылы тұрақтанады. Протонның бөлінуі реакцияда пайда болатын алcoxсил-ионның ( $\text{RO}^-$ ) әсерінен жүзеге асады:



Элиминирлену реакциялары екі механизм бойынша, I реттік (момомолекулалық) E1 және II реттік (бимолекулалық) E2 механизмдері бойынша жүруі мүмкін.

E1 механизмінде шешуші I сатыда алкилгалогенид диссоциацияланып, карбкатион түзіледі, ол протонды бөліп шығарып (II саты), тұрақтанады:


I




11




E1 механизмі  $S_N1$  механизмімен қатар жүреді, мұнда иондаушы еріткіш қана кәжет. Ескертетін жайт, галогенсутек болінуі екі бағытта мүмкін болса, исғұрлым тармакталған алкен түзіледі (Зайцев срежессі). Мысалы:



E2 механизмі бойынша элиминирлену реакциясы жүруі үшін негіздің болуы шарт. Протон мен галогеннің бөлінуі бір мезгілде (бір сатыда) «өтпелі күй» арқылы жүзеге асады:



E2 механизмі, әдетте, S<sub>N</sub>2 механизмімен қатар жүреді. E2 механизмі бойынша жүрстің реакцияларда негіздердің белсенділігі, олардың күші төрізді, мына бағытта өзгереді:



Екі механизм бойынша да элиминирлену (галогенсутек бөлінуі) мына катарларда кесімді:



**S<sub>N</sub>** және **E** механизмдері бойынша реакциялардың жүру шарттары


14-keste

S <sub>N</sub> 1	S <sub>N</sub> 2	E1	E2
Үшіншілік алкилгалогенид	Біріншілік алкилгалогенид	Үшіншілік алкилгалогенид	Біріншілік алкилгалогенид
Әлсіз нуклеофил	Күшті нуклеофил	Әлеіз негіз	Күшті негіз
Полярлы еріткіш	Полярсыз еріткіш	Полярлы еріткіш	Полярсыз еріткіш

$S_N$  және E механизмдерін салыстыра қарайтын болсак, біріншілік алкилгалогенидтер үшін – орын басу, ал үшіншілік алкилгалогенидтер үшін –  $\beta$ -элиминирлесу реакциялары басым журеді. 14-кестеде  $S_N$  және E мханизмдері бойынша реакциялардың журу шарттары көтірілген.

Галогентуындыларға тән басқа реакцияларды қарастырайық.


**4) Галогениң сутекке орын басуы.** Алкилгалогенидтерді катализдік гидролизде немесе йодты сутекпен эссеңде галоген атомы сутекке орын басып, алкандарга айналады:




5) Алкоголяттармен эсер етсе, жай эфирлер түзледі:



**6) Вюрц реакциясы.** Бұл реакция «Алкандар» тарауында көltірілген, реакция нәтижесінде көміртек атомының саны екі еселенген алкандар түзіледі:



7) Абсолютті эфирде магний немесе басқа металдармен әсер еткенде магнийорганикалық қосылыстар (Гринъяр реактиві) түзіледі:





Бұл реакцияның практикалық маңызы үлкен, түзілген магнийорганикалық қосылыстар органикалық синтезде көнінен қолданылады.

## **5. Ди-, три- жэне полигалогентуындылар**


## Алу жолдары

1) Ди-, три- және полигалогентуындыларды алкандарды хлорлау онимдерінен белгілі алуға болады.


2) Геминалды (бір көміртек атомында екі галоген атомы) дигалогентуындыларды синтездеудің жалпы әдісі – альдегидтер мен кетондарға фосфордың пентахлориді немесе пентабромидімен әсер ету арқылы:



3) Вициналды (екі галоген атомы көрші көміртек атомдарында) дигалогентүнділар галогендерді алкендерге қосу арқылы:



4) Галоген атомдары әр түрлі көміртек атомдарында орналаскан ди- және полигалогентүнділар гликольдер мен басқа көп атомды спирттерге галогенсүтектер, фосфор галогенидтері, хлорлы тионилмен эсер ету арқылы:




5) галоформдар (хлороформ –  $\text{CHCl}_3$ , бромоформ –  $\text{CHBr}_3$ , йодоформ –  $\text{CHI}_3$ ) сәйкес галогенмен сілтілік ерітіндіде сірке альдегидіне эсер ету арқылы:





### Физикалық және химиялық қасиеттері

Ди-, три- және полигалогентүнділар – ауыр сұйықтықтар немесе кристалды заттар. Ди- және полигалогентүнділар да алкилгалогенидтер сиякты әр түрлі нуклеофильді орын басу реакцияларына түседі. Гидролиздену реакцияларында егер галоген атомдары әр түрлі көміртек атомдарында болса көп атомды спирттер түзіледі:



Егер галоген атомдары бір көміртек атомында болса, гидролизденгенде дигалогентүнділардан – альдегидтер мен кетондар, тригалогентүнділардан – карбон қышқылдары түзіледі:







## **6. Қанықпаған галогентұндылар**

Қанықпаған галогентуындыларды қаныққан алкилгалогенидтерді алу әдістерін пайдалана отырып алуға болады. Мысалы:

**1) Геминалды галогентуындыларына сілтінің спирттегі ерітіндісімен әсер**  
**ету:**



2) Жоғары температурада алкендерге галогенимен әсер ету:



### **3) Ацетиленді гидрогалогендеу:**




Химиялық қасиеттері қос байланыс пен галогениң өзара орналасуына байланысты. Бұл жөнінсін қанықлаған галогентүнділарды үш топқа бөлуге болады:


- 1) Галоген атомы қос байланысты көміртек атомында орналасқан;
  - 2) Галоген атомы қос байланысқа қатысты  $\alpha$ -көміртек атомында орналасқан;
  - 3) Қос байланыс пін галоген бір-бірінен алшақ орналасқан.

Үшінші топтың галогентұындыларында қос байланыс пен галоген бір-біріне тәуелсіз, олефиндерге және қанықсан галогентұындыларға тән қасиеттер көрсетеді. Сондыктан оларды қарастырмаймыз.

Бірінші топтың галогентұндыларында галоген атомының бөлінбекен электрон жүйесі көс байланыстың  $\pi$ -электрондарымсыз қосарлануға түседі:



Осының әсерінен C-Cl байланысы едәуір қысқарады (0,176 нм-ден 0,169 нм-ге дейін), нәтижесінде галоген атомының қозғалыштығы кеміп, реакцияға қабілеттілігі қатты төмендейді. Қос байланыстың да реакцияға қабілеттілігі кемиді, мысалы, хлорлы винилде қос байланыстың активтілігі этилендегіден төмен. Галогенсугектің қосылуы Марковников ерсжесі бойынша жүреді. Себебі, қос байланысқа протон қосылғаннан кейін түзілетін I катион оған изомер II катионнан әлдескайда турақты:



Екінші тоңтың галогентуындыларында, керісінше, галоген атомының реакция қабілестілігі күрт жоғарылайды. Себебі, мұндай қосылыстардың диссоциациялану қабілеті жогары:




Түзілген аллил карбкатионы қос байланыстың  $\pi$ -электрон жұбының оң зарядты көміртек атомына тартылуы арқылы тұрақтанады.

Аллильдік галогенинің барлық орын базасы реакциялары  $S_N1$  механизмі бойынша жүреді және олардың жылдамдықтары алкилгалогентуындылармен салыстырғанда ондаған-жүздеген ессе жоғары.


## 7. Ароматты галогентуындылар

Ароматты галогентуындылардың алу жолдары «Ароматты көмірсутектер» тарауында қарастырылды. Дегенмен, қайталаң ессе түсірейік.


Бензол қалыпты жағдайда галогендермен орын базасына реакциясына түспейді, тек катализатор қатысында галогендеу реакциясы жүреді:




Бензолдың гомологтары реакция шарттарына қарай сақинаға немесе бүйірлік радикалдарға галогендеседі. Мысалы, толуол катализатор қатысында, төмен температурада сақинаға галогендеседі. Ал, егер процесті УК-сәулеснің эсерімен, қыздыру арқылы жүргізсе, галоген, негізінен, бүйірлік тізбекке бағытталады: ә



Бүйірлік тізбекте галогендеу әрдайым  $\alpha$ -орында жүреді. Себебі, бұл кезде түзілстін радикал тұрақтырақ болады – делокалдану нәтижесінде тұрақтанады:




Галоген жеткілікті болса, барлық  $\alpha$ -сүтек атомы галогенге орын баса алады:




Хлорлы винилдегі сияқты, бензол сақинасындағы галогеннің реакция қабілеттілігі өтс төмен. Ал бүйірлік тізбектегі  $\alpha$ -орындағы галоген атомы, бромды алильдегі сияқты, нуклеофильді орын басу реакцияларына өте онай түседі.

Бензол сақинасындағы гаолгеннің активтілігі, нуклеофильді орын басу реакциясына қабілеттілігі сақинада күшті электронакцепторлы орынбасарлар, әсірссе,  $o$ -,  $n$ -орындарда болса, қатты жоғарылайды. Бұл галогенмен байланысқан көміртек атомының он заряды көбеюімен түсіндіріледі:



Электрон тығыздығы төмен болғандықтан, бұл көміртек атомы нуклеофильді шабуылға онай түседі (айталық,  $\text{OH}^-$ -ионмас). Мұндай жағдайларда тіпті реакцияға қабілетсіз фтор атомының езі нуклеофильді топтарға орын басады:



Бұл реакция акуыздардың N-шеткі амин қышқылдарын анықтауда маңызды рөл аткарады.

## 8. Маңызды өкілдері, қолданылуы



Практикалық түргыдан хлортүндилер маңызды. Оның себебі, хлор – арзан, орі жеткілікті.

**Хлорлы метил**  $\text{CH}_3\text{Cl}$ ,  $t_k=23,7$  °C. Өндірісте термиялық (400 °C) хлорлау арқылы алады. Метильдесуші агент ретінде және тоңазытқыштарда сұйықтыш агент ретінде қолданылады.


**Хлорлы этил**  $\text{C}_2\text{H}_5\text{Cl}$ ,  $t_k=13$  °C. Этанды хлорлау, этил спиртіне хлорлы сутекпен әсер ету, этиленді катализатор ( $\text{FeCl}_3$ ,  $\text{AlCl}_3$ ) қатысында гидрохлорлау арқылы алады. Этилдесуші агент ретінде, жергілікті анестетик ретінде, көп мөлшерде тетраэтилқорғасын (бензиннің антидистонаторы) алу үшін қолданылады.

**Дихлорэтан (хлорлы этилен)**  $\text{CH}_2\text{Cl}-\text{CH}_2\text{Cl}$ , түссіз сұйықтық,  $t_k=84$  °C,  $d^{20}_{n}=1,25$ . Арзан, бірақ улы еріткіш. Этиленді хлорлау арқылы алады. Винилхлорид, этилснгликоль синтездеу үшін қолданылады.

**Хлороформ (трихлорэтан)**  $\text{CHCl}_3$ , өзіне тән тәттілсу іісі бар, түссіз сұйықтық,  $t_k=62$  °C,  $d^{20}_{n}=1,48$ . Өнеркәсіпте хлороформды спиртке хлор және сілтімсін немесе хлорлы ізбеспен әсер сту арқылы алады:




немесе ацетоннан:



Хлороформ өтс жақсы органикалық еріткіш. Анестезиялық қасиетінс байланысты жалпы наркоз үшін қолданылған ең бірінші органикалық қосылыс. Қазіргі кездес наркоз ретінде сирек қолданылады – организмге қосалқы әсері бар.

Хлороформ ауда тотығады, тотығу өнімдері ішіндегі өтс улы зат фосген  $\text{COCl}_2$  бар. Фосгеннің түзілуін болдырмау үшін хлороформға спирт қосып сактайты.

**Төрт хлорлы көміртек (тетрахлорметан)**  $\text{CCl}_4$ , түссіз сұйықтық,  $t_k=76,5$  °C,  $d^{20}_{\gamma}=1,29$ . Құқыртты көміртек пен хлорды әрекеттестіріп алады:



**Гексахлорэтан**  $\text{CCl}_3-\text{CCl}_3$ , кристалды зат,  $t_b=187$  °C. Инсектицид ретінде, тутіндегіш құралдар алу үшін қолданылады.

**Полифторкөмірсутектер (фреондар)** техникада сұйықтыш ретінде ксінен қолданылады. Қысқаша анықтама: мстанның туындылары – екі орынды, этаның туындылары үш орынды санмен белгіленеді. Соңғы сан – фтор атомының, оның алдындағы сан сутек атомының санын көрсетеді: 1 – сутек атомы жоқ, 2 – бір сутек атомы бар, 3 – екі сутек атомы бар деген сөз. Мысалы, F-12 – дифтордихлормстан